Түркістан облысы «Шардара» мектеп-лицейі педагог-психологтарының 2026-2027 оқу жылында атқарған іс – шараларының мәліметі

№	Іс-шаралар	Атқарылған жұмыс	Сілтемесі
1	Тамыз кеңесі	«Шардара» мектеп-лицейі базасында Тамыз кеңесі аясындағы секциялық жұмыстар жоғары деңгейде өтті! Тамыз кеңесі - жаңа оқу жылына жаңа серпін, тың идеялар мен жарқын бастамалардың бастауы! Секциялық отырыстар барысында білім беру саласының өзекті мәселелері талқыланып, педагогтер өзара тәжірибе алмасты, озық идеялар мен тиімді әдіс-тәсілдер ортаға салынды. Әрбір тәжірибе - ізденіске, әрбір ізденіс - дамуға, әрбір даму - сапалы білімге бастайды! 🎓Білікті ұстаз - сапалы білімнің тірегі! 🌱Жаңа оқу жылы - жаңа	https://www.facebook.com/share/v/19CAbK2iZY/

Scanned with CamScanner

		мүмкіндіктер мен жаңа жетістіктер жылы болсын! «Шардара» мектеп-лицейі - білім мен тәжірибе тоғысқан, жаңа идеяларға жол ашатын шығармашылық алаң!	
2	«Сенімді дос»-қолдаудан басталатын қауіпсіз орта	01.092026 жылы Түркістан облысы, Шардара ауданы, «Шардара» мектеп-лицейінде «Сенімді дос» бағдарламасы аясында білім алушылардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, эмоционалдық қолдау көрсету және суицидтің алдын алу бағытында профилактикалық кездесу өткізілді. Кездесуді мектептің педагог-психологтары Ф. Жумабаева мен А. Арын педагогтер және кіші қызметкерлердің қатысуымен ұйымдастырды. Кездесудің негізгі мақсаты – білім алушылардың эмоционалдық жағдайына дер кезінде назар аудару, қиын өмірлік жағдайларға тап болған балаларға қолдау көрсету	https://www.facebook.com/share/p/1JUacdm5AQ/

Scanned with CamScanner

		жолдарын түсіндіру және мектепте өзара сенімге негізделген қауіпсіз қарым-қатынас ортасын қалыптастыру. Кездесу барысында қатысушыларға: 🔷баланың көңіл-күйіндегі өзгерістерді дер кезінде байқау; 🔷эмоционалдық күйзелістің негізгі белгілерін тану; 🔷қиын жағдайда балаға дұрыс қолдау көрсету; 🔷оқушыны мұқият тыңдау және түсіну; 🔷қажетті жағдайда мамандардан көмек сұрау жолдары туралы маңызды ақпараттар берілді. «Сенімді дос» бағдарламасының басты құндылығы – әр баланың жалғыз еместігін сезіндіру. Кейде балаға үлкен көмек көрсету үшін ақыл айтудан бұрын оны жай ғана тыңдап, түсіністік таныту жеткілікті. Әр бала өзін қауіпсіз, маңызды және қажет сезінген ортада тұлға ретінде қалыптасады. Сондықтан балаға қамқорлық көрсету – тек психологтың емес, педагог, ата-ана және бүкіл мектеп	

Scanned with CamScanner

		қауымдастығының ортақ жауапкершілігі. Балаға бір ауыз жылы сөз – үлкен қолдау. Бір сәттік назар – маңызды өзгерістің бастауы. Ал сенім – қауіпсіздіктің берік негізі!	
3	ЗАҢ МЕН ТӘРТІП - ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗІ	Бүгін 07.09.2026ж «Шардара» мектеп-лицейінде оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру және заң талаптарын құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» тақырыбында профилактикалық іс-шара өтті. Кездесуге аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Сатыбалдиев Қасымхан, ІІБ бастығы Танабай Данияр, учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Сабден Гауһар, Тілегенова Ләззат, мектеп-лицей директоры Құлмаханбет Ләззат, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Ахатова Гүлнұр, Динасилов Сержан, педагог-психолог Жумабаева Феруза	https://www.facebook.com/share/v/19aVhEL3zN/

Scanned with CamScanner

		және сынып жетекшілер қатысты. Кездесу барысында жасөспірімдердің қауіпсіздігі, құқықтары мен міндеттері, қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері кеңінен сөз болды. Оқушыларға заңды білу ғана емес, оны құрметтеу, тәртіпті сақтау, өз ісіне жауапкершілікпен қарау - әр азаматтың маңызды міндеті екені түсіндірілді. «Тәртіп бар жерде - тұрақтылық бар, заң бар жерде - қауіпсіздік бар!» деген тағылымды ой айтылып, әр оқушыны саналы, тәрбиелі, жауапты азамат болуға шақырды. Заңды құрметтеу - өзіңді, өзгені және қоғамды құрметтеуден басталады. «ЗАҢ МЕН ТӘРТІП» - қауіпсіз балалық шақ пен жарқын болашақтың берік негізі!	
4	«ТӘРТІПТІ ҰЛ - ЕЛДІҢ ТІРЕГІ»	Бүгін «Шардара» мектеп-лицейінде «Тәртіпті ұл - елдің тірегі» тақырыбында 8-11 сынып	https://www.facebook.com/share/p/1BH2iPFKcB/

Scanned with CamScanner

		оқушыларымен тағылымды кездесу өтті. Жиынға мектеп-лицей директоры Л. Құлмаханбет, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С. Динасилов, Г. Ахатова, педагог-психолог Жумабаева Феруза және сынып жетекшілері қатысты. Жиналыс барысында жасөспірім ұлдардың бойында тәртіп, жауапкершілік, әдептілік, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, өз ісіне жауап бере білу сынды адами құндылықтарды қалыптастыру мәселелері кеңінен сөз болды. Ер бала - отбасының қорғаны, елдің ертеңгі азаматы. Нағыз азамат болу - күшті болудан бұрын, тәртіпті, білімді, намысты және жауапты болудан басталады. Оқушыларға мектеп тәртібін сақтау, құқық бұзушылықтың алдын алу, зиянды әдеттерден аулақ болу, бос уақытты тиімді пайдалану және өз ортасына үлгі болу жөнінде маңызды ойлар айтылды. Тәртіп бар жерде - талап бар. Талап бар жерде - тәрбие бар.	

Scanned with CamScanner

		Тәрбие бар жерде - берік болашақ бар! Бүгінгі ұл - ертеңгі ел ағасы. Елдің ертеңі - тәрбиелі, білімді, тәртіпті ұрпақтың қолында!	
5	«ЖАСӨСПІРІМ ШАҚТАҒЫ ЕРТЕ ЖҮКТІЛІКТІҢ АЛДЫН АЛУ» ҚЫЗДАР ЖИНАЛЫСЫ	10.09.2026ж «Шардара» мектеп-лицейінде «Жасөспірім шақтағы ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында жасөспірім қыздарға ерте жүктіліктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігі, денсаулықты сақтау, құқықтық сауаттылық және өмірлік жауапкершілік мәселелері бойынша маңызды ақпараттар берілді. Мамандар жасөспірімдік кезеңде дұрыс шешім қабылдаудың, өз денсаулығына жауапкершілікпен қараудың және өмірлік құндылықтарды дұрыс қалыптастырудың маңыздылығын назарға алды. Педагог-психолог тарапынан қыздардың эмоционалдық	https://www.facebook.com/share/p/1A3KoQdVe4/

Scanned with CamScanner

		тұрақтылығы, өзіне деген сенімділігі және қиын жағдайда көмек сұраудан ұялмауы жөнінде психологиялық кеңестер берілді. Ал мектеп медбикесі денсаулықты қорғау мен салауатты өмір салтын ұстанудың маңызын түсіндірді. Кездесу барысында оқушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, мамандардан қажетті жауаптар алды. Қыз баланың тәрбиесі – ұлттың тәрбиесі. Денсаулыққа жауапкершілікпен қарау – өз болашағына деген құрмет. Осындай тағылымды кездесулер жасөспірім қыздардың құқықтық және медициналық сауаттылығын арттырып, өз өмірі мен болашағына жауапкершілікпен қарауына ықпал етеді.	
6	«ҚЫЗ БАЛА – БОЛАШАҚТЫҢ АЙНАСЫ» Қыздар жиналысы	Бүгін «Шардара» мектеп-лицейінде «Қыз бала – болашақтың айнасы» тақырыбында қыздар жиналысы өтті. Жиынға аудандық учаскелік полиция инспекторы, полиция	**https://www.facebook.com/share/p/1DbZeXkKQu/**

Scanned with CamScanner

		капитаны Сабден Гауһар, Тілегенова Ләззат, мектеп-лицей директоры Л. Құлмаханбет, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г. Ахатова, педагог-психолог Жумабаева Феруза, мектеп медбикесі , Игиликова Күлаш және сынып жетекшілері қатысты. Кездесу барысында жасөспірім қыздар арасында ерте жүктіліктің алдын алу, жеке қауіпсіздік, денсаулықты сақтау, құқықтық сауаттылық және жауапкершілік мәселелері кеңінен түсіндірілді. Қыз балаларға жасөспірімдік кезеңдегі жауапкершілік, өз денсаулығына ұқыпты қарау, өмірлік маңызды шешімдерді саналы түрде қабылдау және болашаққа нық қадам жасау жөнінде құнды кеңестер берілді. Сонымен қатар, қыздардың көкейіндегі сауалдарға жауап беріліп, ашық пікір алмасу жүргізілді. Қыз бала – отбасының көркі, ұлттың болашағы. Бүгінгі қыздың тәрбиесі мен	

Scanned with CamScanner

		қауіпсіздігі – ертеңгі ұрпақтың жарқын болашағының негізі.	

Scanned with CamScanner